

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА 2023 жылы енгізілетін жаңашылдықтар

01.01.2023 жылдан бастап Қазақстанда бірыңғай төлем енгізілді.

Салық кодексiне 2023 жылдан бастап "Бірыңғай төлем" 89-1 жаңа тарауы қосылды.

Жалақыдан бірыңғай төлемдi арнайы салық режимдерi бойынша жұмыс iстейтiн микро және шағын кәсiпкерлiк субъектiлерi болып табылатын жеке кәсiпкерлер мен заңды тұлғалар қолдана алады:

- Жеңілдетілген декларация негiзiнде АСР;
- Ауыл шаруашылығы өнiмдерiн өндiрушiлерге арналған АСР.

Олар сондай-ақ, қызметкерлердiң табысынан бірыңғай төлемдi аудару бөлiгiнде салық агенттерi ретiнде әрекет етедi.

Бірыңғай төлемге:

- қызметкерлердiң табысынан ЖТС,
- мiндеттi зейнетақы жарналары (МЗЖ),
- әлеуметтiк аударымдар,
- мiндеттi әлеуметтiк медициналық сақтандыруға жарналар мен аударымдар.

Бірыңғай төлем мөлшерлемесi:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 20,0 пайыз;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 21,5 пайыз;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 23,8 пайыз;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 24,8 пайыз;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 25,8 пайыз;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 26,3 пайыз.

Бірыңғай төлем төлеушiлер үшiн бірыңғай төлем мөлшерлемесiндегi МЗЖ үлесi:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 50,0 %;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 46,5 %;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 42,0 %;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 40,3 %;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 38,8 %;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 38,0 %.

Бірыңғай төлемдi аудару мерзiмi - ай сайын, екiншi деңгейдегi банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйымдар арқылы "Азаматтарға арналған үкiмет" мемлекеттiк корпорациясының банктiк шотына есептi кезеңнен кейiнгi 25-шi күннен кешiктiрмей аударылуы тиiс.

Бірыңғай төлемдi енгiзу АСР бойынша жұмыс iстейтiн шағын бизнес өкiлдерiне салықтар мен басқа да мiндеттi төлемдердi төлеудi жеңiлдетуi тиiс. Ол ендi бiр төлем тапсырмасымен жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ, тағы бiр артықшылық – бұл төлемнiң жалпы сомасының мөлшерi бөлек төлемге қарағанда аз. Сонымен қатар, салық агентi қызметкерлердiң тиiстi декларацияда төлем көзiнен салық салуға жататын табыстарына салық салудың бірыңғай тәртiбiн дербес айқындайды. Бастапқы немесе кезектi декларацияда төлем көзiнен салық салуға жататын қызметкерлердiң табыстарына салық салудың таңдалған тәртiбi салық кезеңi iшiнде өзгертуге жатпайды.

Сондай-ақ, өзгерiстер "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағындағы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты зейнетақы төлемдерiн (ортақ зейнетақы) есептеу үшiн қолданылатын ең жоғары табыс шамасын 46-дан 55 айлық есептiк көрсеткiшке (АЕК) дейiн ұлғайту бөлiгiне де әсер еттi. Бұл жүйеге жаңадан кiрген зейнеткерлерге, сондай-ақ бұрыннан бар зейнеткерлерге де қатысты.

Бұл ретте 01.01.2023 ж. дейін зейнетке шыққан зейнеткерлер бойынша зейнетақыны қайта есептеу зейнетақының мөлшерін есептеу үшін 3 жылдағы орташа табысы 46 АЕК-тен жоғары болған адамдарға ғана қатысты болады.

Сондай-ақ, базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері ұлғайтылды. Қазір ол 24 341 теңгеге тең (2023 жылы 40 567 теңгені құрайтын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%).

2022 жылы базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 20 191 теңге болған (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%, ол 2022 жылы 37 389 теңгені құрады).

Бұдан басқа, осыған дейін хабарланғандай, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтардан кейін лайықты демалысқа шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер 5% ұлғайды.

Нәтижесінде жыл басынан бері қазақстандықтардың зейнетақысының жиынтық мөлшері артты.

Тағы бір жаңалық - 01.01.2023 жылдан бастап 01.01.2028 жылға дейін әйелдердің зейнетке шығу жасы – 61 жас.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).